

Хаттама №2

М.Мөңкеұлы атындағы орта мектебінде 2019 жылдың 28 наурыз күні кезекті қамқоршылық кеңесінің отырысы болып өтті.


Күн тәртібінде:

1. «Қамқорлық» акциясының есебі
2. Наурыз мейрамының ұйымдастырылуы және өткізілуі

Кеңес отырысын қамқоршылар кеңесінің төрайымы Л.Құрмашева ашты. Ол өз сөзінде әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларына және басқа санаттағы балаларға қайырымдылық жасау, 0-18 жас аралығындағы балаларды жаппай оқумен қамту және әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ету жұмыстары ұйымдастырылғанын айтып өтті. Сөз кезегін мектебіміздің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кайрлиеваға берді. Мектебімізде «Қамқорлық» акциясын өткізу туралы бұйрық шығарылып, жоспар құрылды, акцияны ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілді. Мектеп бойынша әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларының саны- 7 оқушы анықталды. Айлық кезінде информатика пәнінің мұғалімі М.Жундибаев 3-сынып оқушысы Тілеубекқызы Эленораға 15000 мың теңгеге аяқ киім, 4000 мың теңгеге бас киім алып берді. Кәсіпкер Б.Керешова 3-сынып оқушысы Сүйесін Бекзатқа сыртқы киім,(күртеше)15000 мың теңге, 6-сынып оқушысы Асылбек Эдуардқа 10000 мың теңгеге қысқы аяқ киім алып берді. Рахимова Акмарал 2 оқушыға 12000 мың теңгеге оқу-құралдарын алып берсе, айлық кезінде демеушілеріміз әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға мектепке қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етілгендігі туралы айтып өтті.


Наурыз мейрамының ұйымдастырылуы және өткізілуі туралы сөз кезегі тәрбие ісі орынбасары С.Кайрлиева және қамқоршылық кеңесінің мүшелеріне берілді. 21 наурыз күні мектептің 1-11 сынып оқушыларына наурыз мейрамы ұйымдастырылғаны, мейрамды өткізу туралы бұйрық шығарылып, мейрамды өткізудің ұйымдастырудың кестесі жасалғанын айтып өтті. Қамқоршылық кеңестің мүшесі К.Шабакова 1 – Наурыз алғыс айту күні және 8 – Наурыз халықаралық әйелдер күні концерттік бағдарламасы ұйымдастырылып, шара кезінде мектеп оқушылары зейнеткер ұстаздарды және ата – аналарды марапттағанын айтып өтті. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы кеңес мүшелеріне және мектеп директорларына ынтымақтастыққа жұмыс жасап жатқандықтарына, балаларға көрсетіліп жатқан қамқорлықтары үшін ризашылығын білдіріп, рахметін айтты.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:




Л.Құрмашева

Мүшесі:



С.Кайрлиева

Мүшесі:




К.Шабакова

Мүшесі



Р.Рахимова

Хатшы:



Н.Мусина